

Трансформатор - электр магниттік индукция құбылысы арқылы бір кернеудегі айнымалы токты сол жиіліктегі айнымалы токтың екінші кернеуіне өзгертуге арналған бір немесе одан да көп индуктивтік байланысқан орамалы бар статикалық электр магниттік құрылғыны атайды.

Қысқа тұйықталу кернеуі - екінші тұйықталған трансформатордың орамасында номинал ток тудыратын кернеуді айтады.

Электр магниттік қуат - бірінші реттік орама электр қуаттан P_1 бірінші реттік ораманың активтік кедергісінде жоғалатын электр шығындарын $p_{эл1} = mI_1^2 R_1$ және өзекшенің болатындағы магниттік шығындарын $p_m = P_0$ алған кейін қуатты айтады.

Асинхронды машина — айнымалы токтың электр машинасы, онда ротордың жылдамдығы ауа саңылауындағы магнит өрісінің жылдамдығынан сырғанау жиілігіне дейін ерекшеленеді.

Синхронды машина — ротор мен магнит өрісінің айналу жиілігі тең болатын айнымалы ток электр машинасы.

Тұрақты ток машинасы — тұрақты токпен қоректенетін және коллекторы бар электр машинасы.

Ротор — бұл тұрақты ток машинасының якоры айналатын бөлшегі болып табылады.

Статор - синхронды машиналарда якорь қозғалмайтын бөлігі деп аталады.

Якорь орамы - өзара ЭҚК-тері қосылатындай етіп жалғанған өткізгіштердің немесе катушкалардың жиынтығын атайды.